

АРШАЛЫ АЙНАСЫ



№17 (444)
15-17 СӘУІР,
2015 ЖЫЛ

АРШАЛЫ АУДАНЫНЫҢ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТІ
2007 жылдың қаңтар айынан бастап шығады

Сақтықта қорлық жоқ

Күннің жылынуына орай қалың қардың еруі де алдымызда. Сондықтан да қауіптің алдын алу мақсатында үйілген қарларды азайтып, қауіп төндірмейтін жерлерге қарай шығарып отырғаныңыз дұрыс.

«АҚМОЛА ЖҰЛДЫЗДАРЫ» ОБЛЫСТЫҚ ХАЛЫҚ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ БАЙҚАУЫНАН

АРШАЛЫ ӨНЕРПАЗДАРЫ - ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ КОНЦЕРТІНДЕ ШАРЫҚТАУДА

Биылғы жылы «Ақмола жұлдыздары» халық шығармашылығы байқауы «Бабалар мұрасы – ұрпаққа қазына» ұранымен Қазақ хандығының құрылуына - 550 жыл, Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 70 жыл, Қазақстан Конституциясына 20 жыл және Қазақстан Халқы Ассамблеясының – 20 жылдығына орайластырылып өтті. Ең үздік деген өнерпаздарымыз бақ сынады



ынтымақтастық екендігі жақсы дәріптелді. Әділ қазылар алқасы күміс бұйымдарының зергері К.Баядиловтың ісіне риза болды. Михайлов селосының балуандарының ептілігіне назар аударды. Мәдениет Үйінің фәсіндегі қол өнер туындылары мен сонау соғыс жылдарынан сыр шерткен мұрағаттың ойға түйері мол болды. «Мираж» би ансамблінің орындауындағы «Аманат» көрерменді басынан – ақ баурап алды. Орындалған 19 номердің жартысынан көбі Ақмола облысы мәдениет басқармасының басшысы Сәуле Бурбаева басшылық еткен әділ қазылар алқасының назарынан тыс қалмады.

Халық ансамблі «Задоринка», «Зеленый» атындағы ансамбль, «Мираж» би ұжымы, «Балдәурен», Тасболатовтар отбасылық халықтық ансамблі «Алмагүл» тыңдарманның көңілінен шықты. Әкімжан Маженов Жібек жолы ауылдық округінен шыққан жарық жұлдыз болса, Аршалы кентінен Перизат Хасенова өз өнерімен тәнті етті. «Сұңқар» квартеті де қалыс қалмады. Жоғарыда аталған әрбір өнерпаз талай сахна төрінде талай өнер көрсеткен белді, мақтан тұтар жандарымыз екендігін тағы да дәлелдеді.

Барлық номер өте керемет ұсынылды. Жоғары бал он болса ешбір номер жеті балдан төмен алмады. Бұл керемет! – деді сөзін қорытқан әділ қазылар алқасының төрайымы Сәуле Бурбаева.

Ине шаншар жер жоқ лық толы залдың қошеметінің өзі-ақ өнерпаздарымыздың өнерлерінің биік екендігінің айғағы еді.

М.ЕРНЫРҚЫЗЫ

Суретте: Аршалы ауданының «Ақмола жұлдыздары» облыстық халық шығармашылық байқауынан үзінділер уретке түсірген: **Р.САМКОВ**



Осы орайда «Мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесінің басшысы Л.А.Гросстың айтқаны.

2014 жылы «Достық әні тербеткен, дархан далам» ұранымен және Балұан Шолықтың туғанына 150 жыл толуына орай «Ұлы даланың – ұлы тұлғасы» тақырыбымен ән орындау байқауына үндестірілген облыстық гала-концертте Аршалы ауданының өнерпаздар ұжымы екінші орынға ие болып, екі дана ноутбук қанжығаларына салған еді. Қазіргі таңда 25 шығармашылық ұжымдағы 300 – дей өнерлі жандардың еңбегі зор болды. 20 ұжым облыстық байқаудың лауреаттары атанды. Облыстық байқауға дейін Аршалы ауданы бойынша 12 округтер мен Аршалы кенті аумағында үлкен іріктеу өтетіні белгілі. Аудандық байқау қорытындысы бойынша Түрген ауылдық округі бірінші орын (әкімі Қ.А.Ахматияров, АМУ директоры – С.Т.Бисекеева), ал екінші орын Арнасай ауылдық округі

(әкімі А.Э.Гутяр, АМУ директоры – Т.Б.Нишник), үшінші орын Бірсұт селолық округі (әкімі Б.А.Сұлтанбеков, селолық клуб меңгерушісі – А.О.Батабаева) иемденді. 2015 жылдың ақпанаурыз айларында кент, ауылдық, селолық округ өнерпаздарының және қол өнершілердің байқауы ұйымдастырылып, бірінші туры өткізілді. 183 өнерлі ұжымдар, 258 солисттер, 2000 астам өнерлілер қатысты.

2015 жылдың 6-7 сәуірінде екінші тур өткізілді, 320 өнерпаздар Аршалы кенті, Ижев, Волгодон, Бірсұт, Сараба, Жібек жолы Бұлақсай округтерінен іріктелді. Ауданның мәдениет базасын дамытуға 3 миллион теңге бөлінді, жаңа костюмдер алынды, музыкалық аппаратура алынды, жарықтандыру құрылғыларын жалға алды, сонымен қатар аудан әкімі Ж.Ж.Нұркенов бюджеттік қаражаттан 1700 мың теңге гала – концерттің қосымша дайындығына бөлгізді. Михайлов селосында өткен концерт мәресіне жетті. Көкшетау

қаласынан келген қонақтарымыз театрланған көріністерге тәнті болды. Фестиваль тақырыбын ұйымдастырушылар өте әдемі аша білді. Тарих парактарына үңілдірген өрелі көріністер ке-



ремет ой салды. Қазақ хандығы тұсындағы бірігудің құдіретті кезені, Ұлы Отан соғысы жылдарындағы жанкештілік, отансүйгіштік, Қазақстан халқы Ассамблеясының мүддесінің биіктігі, біріккен,



26 СӘУІР – ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІН САЙЛАУ КҮНІ

«МЕН БІРІНШІ РЕТ ДАУЫС БЕРЕМІН» ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛІ

Аршалы кентіндегі Жастар орталығында «Мен бірінші рет дауыс беремін» атты дөңгелек үстел өткізілді. Бұл шараны ұйымдастырған «Аршалы ауданының жастар ресурстық орталығы» МКК. Шақырылған қонақтар: Пристинская Татьяна Васильевна, Олейник Нина Федоровна, Карманов Алексей Алексеевич, Накипбекова Ирина Витольдовна, олар диалог алаңында жастармен қызыққан барлық мәселе бойынша сұхбат жүргізді, сауалдарға жауап берді. Бірінші рет дауыс берейін деп отырғандар өздерінің пікірлерін ортаға салды. «Біз Қазақстанның өркендеуіне сенімдіміз. Біз қуаттылығы басым елдердің алдында тұрмыз. Біздің ауданымыздың өзі гүлденіп, өркендеп келеді, алда әлі талай жетістіктерге жетеміз. Біз шет қалмаймыз». Жастардың ойы ұтқыр, болашаққа деген сенімдері мол. Олар бүгінгі кездесуге келген қадірлі қонақтарға ризашылықтарын білдірді.

А. УТЕЕВА,

«Аршалы ауданының жастар ресурстық орталығы» МКК директоры. «Жас Отан» ЖҚ атқарушы хатшысы



Хат қоржынынан НҮР ҮСТІНЕ НҮР

Біздің елімізде зейнеткерлерге деген құрмет мықты. Елбасының қолдауымен зейнетақымызға да қосымша ақша қосылып жатыр. Жергілікті билік те ұмыт қалдырмайды. Қарттарын сыйлаған елдің баласы озар деген бар ғой. Міне, біздің еліміздің осы саясаты мықты. Қашан да үлкенге құрмет көрсетілу бірінші орында. Әлем жаңалығын тыңдай отырып, өзіміздегі елдегі бейбіт өмірге тәубе деймін. Бұл біздің еліміздің мандайына біткен бақытымыз, көрген басшымыздың арқасы деп білемін. Алыстан болжайтындығына ризамын. Иә, жағдайымызды жасап жатыр. Ризамын. Тек тыныштық, ынтымақ болсын. Көп ұлтты елімізде бейбітшілік пен тұрақтылық болсын.

Л. АХМЕТОВА,
зейнеткер. Аршалы кенті.



АРШАЛЫ АУДАНЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

АРШАЛЫ КЕНТІ

2015 ЖЫЛҒЫ 04 НАУРЫЗДАҒЫ

№ А-123 ҚАУЛЫ

АРШАЛЫ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТ

АРШАЛЫ КЕНТІ

2015 ЖЫЛҒЫ 04 НАУРЫЗДАҒЫ

№ 39/10 ШЕШІМ

Аршалы ауданы Жібек жолы ауылдық округі Жібек жолы ауылының шекараларын (шегін) өзгерту және белгілеу туралы

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 108 бабының 5 тармағына, «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 12 бабының 3) тармақшасына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабының 1 тармағының 4) тармақшасына, 31 бабының 2 тармағына сәйкес, Аршалы ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Аршалы аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ**:

1. Қосымшаға сәйкес аумақтарда Аршалы ауданы Жібек жолы ауылдық округі Жібек жолы

ауылының шекаралары (шегін) өзгертілсін және белгіленсін.

2. «Аршалы ауданының жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесі жер-есебі құжаттарына қажетті өзгерістерді енгізсін.

3. Осы бірлескен қаулы мен шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аршалы ауданының әкімі Ж. НҰРКЕНОВ
Аршалы аудандық мәслихат сессиясының төрағасы Ю. СЕРИКОВ
Аршалы аудандық мәслихатының хатшысы Ю. СЕРИКОВ

Ақмола облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 2 сәуірдегі № 4725 тіркелген.

Аршалы ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 04 наурыздағы № А-123 бірлескен қаулысына және Аршалы аудандық мәслихатының 2015 жылғы 04 наурыздағы № 39/10 шешіміне қосымша

Аршалы ауданының Жібек жолы ауылдық округі Жібек жолы ауылының жерлерінің экспликациясы								гектар		
Жерлердің атауы	Жалпы аумағы	Құрылыс шекарасында	«ЖасылАймақ» республикалық мемлекеттік кәсіпорнына бөлінген жерлер	Соның ішінде ауыл шаруашылығына алқаттары:				Су астында	Автожол астында	Басқалар
				егістік жер	шабындық	жайылым жер	жайылым тұрғылықты жасқарт			
Жерорналастыру жобаны әзірлеу кезіндегі Жібек жолы ауылының жерлерінің шекаралары (шегі)	4070,0	247,0	91,1	31,0	-	2788,2	276,0	483	43,7	110,0
Жібек жолы ауылының шекараларына (шегіне) қосылатын жерлердің көлемі	1110,9	880,2	-	-	74,2	97,0	28,4	5,2	9,1	16,8
Жерорналастыру жобасы бойынша Жібек жолы ауылының жерлерінің шекаралары (шегі)	5180,9	1127,2	91,1	31,0	74,2	2885,2	304,4	488,2	52,8	126,8

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІН САЙЛАУ БОЙЫНША ДАУЫС БЕРЕТІН ОРЫНДАРЫ ЖӘНЕ УАҚЫТТАРЫ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМА

«Қазақстан Республикасының сайлаушылар туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңының 38-бабы 2-тармағына, 2015 жылғы 26 сәуірде тағайындалған Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауын өткізу және дайындық жөніндегі негізгі шарттардың Күнтізбелік жоспарының 20-тармағына сәйкес, Аршалы ауданының сайлаушыларына дауыс беретін орындарын мен уақыттарын хабарлаймыз.

№134 сайлау учаскесі
Дауыс беру уақыты: 2015 жылғы 26 сәуір сағат 07.00-ден 20.00-ге дейін. Мекен жайы: Ақтасты с., Наурыз көш., 48, негізгі мектеп ғимараты. Байланыс телефоны: 8-716-44-2-01-87.

№135 сайлау учаскесі
Дауыс беру уақыты: 2015 жылғы 26 сәуір сағат 07.00-ден 20.00-ге дейін. Мекен жайы: Жібек жолы а., Қазыбек би көш., 44, Ново-Александров орта мектеп ғимараты. Байланыс телефоны: 8-716-44-2-38-30.

№136 сайлау учаскесі
Дауыс беру уақыты: 2015 жылғы 26 сәуір сағат 07.00-ден 20.00-ге дейін. Мекен жайы: Жаңтыркөл а., Сана би көш., 7, Мартынов негізгі мектеп ғимараты. Байланыс телефоны: 8-716-44-2-05-03

№137 сайлау учаскесі
Дауыс беру уақыты: 2015 жылғы 26 сәуір сағат 07.00-ден 20.00-ге дейін. Мекен жайы: Анар ст., Төшенов көш., 18, Анар селолық клубы ғимараты. Байланыс телефоны: 8-716-44-2-56-33

№138 сайлау учаскесі
Дауыс беру уақыты: 2015 жылғы 26 сәуір сағат 07.00-ден 20.00-ге дейін. Мекен жайы: Дөнешкөе с., Сәкен Сейфуллин көш., 2, клуб ғимараты. Байланыс телефоны: 8-716-44-2-56-15

№139 сайлау учаскесі
Дауыс беру уақыты: 2015 жылғы 26 сәуір сағат 07.00-ден 20.00-ге дейін. Мекен жайы: Бірсуат а., Бейбітшілік көш., 9, клуб ғимараты. Байланыс телефоны: 8-716-44-2-72-00

№140 сайлау учаскесі
Дауыс беру уақыты: 2015 жылғы 26 сәуір сағат 07.00-ден 20.00-ге дейін. Мекен жайы: Байдала с., Конституция көш., 10, клуб ғимараты

Байланыс телефоны: 8-716-44-2-03-19

№141 сайлау учаскесі
Дауыс беру уақыты: 2015 жылғы 26 сәуір сағат 07.00-ден 20.00-ге дейін. Мекен жайы: Жібек жолы а., Желтоқсан көш., 6/1, «Тамыз 2005» ЖШС кеңсесі. Байланыс телефоны: 8-716-44-2-30-04.

№142 сайлау учаскесі
Дауыс беру уақыты: 2015 жылғы 26 сәуір сағат 07.00-ден 20.00-ге дейін. Мекен жайы: Михайловка с., Абай көш., 15, Мәдениет үйі ғимараты. Байланыс телефоны: 8-716-44-2-65-70

№143 сайлау учаскесі
Дауыс беру уақыты: 2015 жылғы 26 сәуір сағат 07.00-ден 20.00-ге дейін. Мекен жайы: Олыinka с., Еңбек көш., 7, клуб ғимараты. Байланыс телефоны: 8-716-44-5-14-99

№144 сайлау учаскесі
Дауыс беру уақыты: 2015 жылғы 26 сәуір сағат 07.00-ден 20.00-ге дейін. Мекен жайы: Николаевка с., Новый көш., 12, клуб ғимараты. Байланыс телефоны: 8-716-44-2-07-53

№145 сайлау учаскесі
Дауыс беру уақыты: 2015 жылғы 26 сәуір сағат 07.00-ден 20.00-ге дейін. Мекен жайы: Ижевское с., Садовий көш., 13, Мәдениет үйі ғимараты. Байланыс телефоны: 8-716-44-2-45-39

№146 сайлау учаскесі
Дауыс беру уақыты: 2015 жылғы 26 сәуір сағат 07.00-ден 20.00-ге дейін. Мекен жайы: Ақбулак а., Набережный көш., 68, Центральний орта мектебі ғимараты. Байланыс телефоны: 8-716-44-2-43-46

№147 сайлау учаскесі
Дауыс беру уақыты: 2015 жылғы 26 сәуір сағат 07.00-ден 20.00-ге дейін. Мекен жайы: Волгодонька с., Центральний көш., 3, клуб ғимараты. Байланыс телефоны: 8-716-44-2-66-42

№148 сайлау учаскесі
Дауыс беру уақыты: 2015 жылғы 26 сәуір сағат 07.00-ден 20.00-ге дейін. Мекен жайы: Койгелді с., Жастар көш., 1а, Койгелді орта мектебі ғимараты. Байланыс телефоны: 8-716-44-2-08-56

№148 учаскелік сайлау комиссиясы

№149 сайлау учаскесі
Дауыс беру уақыты: 2015 жылғы 26 сәуір сағат 07.00-ден 20.00-ге дейін. Мекен жайы: Арнасай а., Мир көш., 2, клуб ғимараты. Байланыс телефоны: 8-716-44-2-58-25

№150 сайлау учаскесі
Дауыс беру уақыты: 2015 жылғы 26 сәуір сағат 07.00-ден 20.00-ге дейін. Мекен жайы: Бағатай ст., Уәлиханов көш., 18, негізгі мектеп ғимараты. Байланыс телефоны: 8-716-44-2-06-20

№151 сайлау учаскесі
Дауыс беру уақыты: 2015 жылғы 26 сәуір сағат 07.00-ден 20.00-ге дейін. Мекен жайы: 42-разъезд, Вокзальный көш., 1, темір жол вокзалының кеңсесі. Байланыс телефоны: 8-716-44-2-09-36

№152 сайлау учаскесі
Дауыс беру уақыты: 2015 жылғы 26 сәуір сағат 07.00-ден 20.00-ге дейін. Мекен жайы: Константиновка с., Центральний көш., 52, клуб ғимараты. Байланыс телефоны: 8-716-44-2-31-27

№153 сайлау учаскесі
Дауыс беру уақыты: 2015 жылғы 26 сәуір сағат 07.00-ден 20.00-ге дейін. Мекен жайы: Шортанды с., Центральний көш., 15, клуб ғимараты. Байланыс телефоны: 8-716-44-2-01-88

№154 сайлау учаскесі
Дауыс беру уақыты: 2015 жылғы 26 сәуір сағат 07.00-ден 20.00-ге дейін. Мекен жайы: Беляярка с., Доманский көш., 28, негізгі мектеп ғимараты. Байланыс телефоны: 8-716-59-2-35-33

№155 сайлау учаскесі
Дауыс беру уақыты: 2015 жылғы 26 сәуір сағат 07.00-ден 20.00-ге дейін. Мекен жайы: Түрген а., Жастар көш., 15, орта мектеп ғимараты. Байланыс телефоны: 8-716-44-2-51-93

№156 сайлау учаскесі
Дауыс беру уақыты: 2015 жылғы 26 сәуір сағат 07.00-ден 20.00-ге дейін. Мекен жайы: Красное озеро с., Мектеп көш., 9, мектеп ғимараты. Байланыс телефоны: 8-716-44-2-07-41

№156 учаскелік сайлау комиссиясы



АРШАЛЫ АУДАНЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

АРШАЛЫ КЕНТІ

2015 ЖЫЛҒЫ 04 НАУРЫЗДАҒЫ

№ А-122 ҚАУЛЫ

АРШАЛЫ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТ

АРШАЛЫ КЕНТІ

2015 ЖЫЛҒЫ 04 НАУРЫЗДАҒЫ

№ 39/9 ШЕШІМ

Аршалы ауданының әкімдігі Аршалы кенті Аршалы ауданы Анар селолық округі Анар станциясының шекараларын (шегін) өзгерту және белгілеу туралы

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 108 бабының 5 тармағына, «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 12 бабының 3) тармақшасына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабының 1 тармағының 4) тармақшасына, 31 бабының 2 тармағына сәйкес, Аршалы ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Аршалы аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ**:

1. Қосымшаға сәйкес аумақтарда Аршалы ауданы Анар селолық округі

Анар станциясының шекаралары (шегін) өзгертілсін және белгіленсін.

2. «Аршалы ауданының жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесі жер-есебі құжаттарына қажетті өзгерістерді енгізсін.

3. Осы бірлескен қаулы мен шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аршалы ауданының әкімі Ж. НҰРКЕНОВ
Аршалы аудандық мәслихат сессиясының төрағасы Ю. СЕРИКОВ
Аршалы аудандық мәслихатының хатшысы Ю. СЕРИКОВ

Ақмола облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 2 сәуірдегі № 4727 тіркелген.

Аршалы ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 04 наурыздағы № А-122 бірлескен қаулысына және Аршалы аудандық мәслихатының 2015 жылғы 04 наурыздағы № 39/9 шешіміне қосымша

Аршалы ауданының Анар селолық округі Анар станциясының жерлерінің экспликациясы										
Жерлердің атауы	Жалпы көлемі	Құрылыс шегіне	Темір жол көлігі жерлері	Автокөл астында	Су астында	Ауыл шаруашылығына алқаттары:				Басқалар
						егістік	шұбындық	жайылым	жайылым тұрғылықты жасқарту	
Жерорналастыру жобаны әзірлеу кезіндегі Анар станциясының жерлерінің шекаралары (шегі)	1546	-	-	-	103,0	-	-	1360	295	83
Анар станциясының шекараларына (шегіне) қосылатын жерлердің көлемі	788,75	195,13	48,36	28,88	36,85	-	-	314,46	-	165,07
Жерорналастыру жобалау бойынша Анар станциясының жерлерінің шекаралары (шегі)	2334,75	195,13	48,36	28,88	139,85	-	-	1674,46	295	248,07

№157 сайлау учаскесі
Дауыс беру уақыты: 2015 жылғы 26 сәуір сағат 07.00-ден 20.00-ге дейін. Мекен жайы: Родники с., Центральний көш., 13, ФАП ғимараты. Байланыс телефоны: 8-716-44-2-07-91

№158 сайлау учаскесі
Дауыс беру уақыты: 2015 жылғы 26 сәуір сағат 07.00-ден 20.00-ге дейін. Мекен жайы: Бұлақсай а., Сейфуллин көш., 5Б, Ново-Александров орта мектеп ғимараты. Байланыс телефоны: 8-716-44-2-57-49

№159 сайлау учаскесі
Дауыс беру уақыты: 2015 жылғы 26 сәуір сағат 07.00-ден 20.00-ге дейін. Мекен жайы: Сараба с., Абай көш., 23, селолық клуб ғимараты. Байланыс телефоны: 8-716-44-2-46-88

№160 сайлау учаскесі
Дауыс беру уақыты: 2015 жылғы 26 сәуір сағат 07.00-ден 20.00-ге дейін. Мекен жайы: Сары-Оба ст., Бейбітшілік көш., 35, орта мектеп ғимараты. Байланыс телефоны: 8-716-44-5-10-87

№161 сайлау учаскесі
Дауыс беру уақыты: 2015 жылғы 26 сәуір сағат 07.00-ден 20.00-ге дейін. Мекен жайы: Аюкар с., Әуезов көш., 1, фельдшерлік пункт ғимараты. Байланыс телефоны: 8-716-44-5-13-28

№162 сайлау учаскесі
Дауыс беру уақыты: 2015 жылғы 26 сәуір сағат 07.00-ден 20.00-ге дейін. Мекен жайы: Костомар с., Құрманғазы көш., 9, негізгі мектеп ғимараты. Байланыс телефоны: 8-716-44-5-13-00

№163 сайлау учаскесі
Дауыс беру уақыты: 2015 жылғы 26 сәуір сағат 07.00-ден дауыс беру аяқталды деп хабарланғанға дейін (кез келген уақытта, егерде сайлаушылар тізіміне енгізілген барлық сайлаушылар дауыс берген жағдайда). Мекен жайы: Аршалы к., 6636 әскери бөлім, қызыл бұрыш. Байланыс телефоны: 8-716-44-2-12-26

№164 сайлау учаскесі
Дауыс беру уақыты: 2015 жылғы 26 сәуір сағат 07.00-ден дауыс беру аяқталды деп хабарланғанға дейін (кез келген уақытта, егерде сайлаушылар тізіміне енгізілген барлық сайлаушылар дауыс берген жағдайда). Мекен жайы: Аршалы к., Төшенов көш., 2, аудандық орталық аурухана ғимараты. Байланыс телефоны: 8-716-44-2-11-43

№171 учаскелік сайлау комиссиясы

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЭКСТРЕМИЗМ МЕН ТЕРРОРИЗМНІҢ АЛДЫН АЛУ САЛАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК САЯСАТЫ

Қазақстанның өз мемлекеттілігін одан әрі нығайтудың жаңа кезеңінде, қазіргі әлемдегі діни-өркеннеттік қалыптасулар орын алып отырған заманда, әлемдік халықаралық қатынастардың белсенді субьектісі болып отырған Қазақстанның дін саласындағы ішкі және сыртқы саясаты ел өмірінде маңызды орынға ие. Қалай дегенмен діни экстремизм мен терроризм қазақстандықтардың ұлттық қауіпсіздік мәселесіне елеулі ықпал ететін факторлар қатарына жатады, ол дегеніміз- қазақстандық азаматтардың қауіпсіздігі, еліміздің территориялық-аумақтық тұтастығы, мемлекеттік тәуелсіздігі, зайырлы және демократиялық ұстаным-принциптеріне негізделген мемлекеттік құрылысты сақтау, еліміздің тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуы сияқты келеді мәселелерді қамтиды.

Еліміздің Қазақстан- 2050 Стратегиясына және «Нұрлы жол - кемеңді болашаққа бастар жол» - Мемлекеттік бағдарламасының іске асуына кепіл ретінде таяу арадағы мемлекетіміздің басты міндеттері қатарына политэкономиялық қоғамымыздағы өзара келісім мен азаматтық ынтымақтастықты одан әрі дамыту саясаты болып табылады.

Қазіргі уақытта біз көріп-бақылап отырғандай діни экстремизм мен терроризмнің белсенділігінің айтарлықтай артуы әлемдегі көптеген мемлекеттердің қоғамдық-саяси өміріне кері ықпалын тигізіп отырғаны мәлім. «XXI ғасырдың оба індеті» атауына ие болған діни экстремизм мен терроризм біздің жаңа қалыптасып келе жатқан мемлекеттік, конституциялық - демократиялық нормаларға, қоғамымыз бен мемлекетіміздің дәстүрлі құндылықтарын бұзып қыйратуға бағытталғандықтан бұл құбылыстардың мемлекетіміз үшін қауіпі өте зор саналады. Қазіргі өзінде біздің көптеген отандастарымыз әлемнің әр қиырындағы «ыстық нүктелердегі» қанды қақтығыстарға «таза дін үшін», «әділеттілік» үшін деген желеумен экстремистік және террористік ұйымдар тарапынан тартылып отыр. Соңғы бір тың мысал ол «Ислам мемлекеті» дегенді құрғандардың 2015 жылдың наурыз айы басында Ирак жеріндегі әлемдік маңызы бар тарихи ескерткіш болып табылатын, б.з. б. III мың. жылдыққа жататын тарихи кешеннің исламшыл-терроршылдардың тарапынан аяусыз сүріліп қиратылуы әлем жұртшылығын дүр сілкіндірді. Бұл мысалдан біздің айқын түрде байқайтынымыз діни экстремизм мен терроризм идеологиясының ықпалы осындай вандализм актісіне барып адамзат тарихы алдында қылмыс жасайтын, адамзат қоғамының осы күнге дейінгі жасаған өркениеттік құндылықтарына өшпенділікпен қарайтын, дүниеге көзқарасы бұзылған, психологиялық жағынан ауытқушылыққа ұшыраған адамзат жаратылысына жат тұлғаларды қалыптастыратындығына куә болып отырмыз. Ал Сирия мен Ирак мысалынан олардың мемлекеттік билікті басып алу мақсатын жүзеге асырғанын көріп отырмыз. Бұл жағдай Батыс елдері бастаған халықаралық антитеррорлық коалицияның оларға қарсы соғыс ашуына алып келді.

Қазақстанда осы қауіп пен қатерлердің алдын алу мақсатында келесі кешенді шаралар жүзеге асырылған немесе одан әрі жетілдірілуі үстінде:

- ұлтаралық және дінаралық араздықты қоздырғыш үшін заң алдында жауапкершілікті арттыратын нормативтік- құқықтық база нығайтылуда,
- экстремизм мен терроризмнің алдын алуға бағытталған антитеррористік, құқықтық, оперативтік-іздестіру, саяси және экономикалық шаралардың қолданудың тиімді тетіктері жасалуда.

Қазақстан түрлі халықаралық антитеррористік келісімдер мен іс-шаралардың белсенді қатынасушысы. Бұл салада Қазақстан 20- дан аса конвенциялар мен келісім шараларына қосылған ел санатына енген.

Қазақстанда тәуелсіздіктің бастапқы кезеңінің өзінде бірқатар діни радикализм мен терроризмнің және экстремизмнің алдын алатын бірқатар заң актілері қабылданған болатын олардың ішінде:

- ҚР «Ұлттық қауіпсіздік туралы» заңы (1998 ж.26 - маусым),
- ҚР«Терроризм мен күрес туралы» заңы (1999 ж.13 - шілде),
- ҚР«Бұқаралық ақпараттар туралы» заңы. (1999ж.23 - шілде),

• ҚР Президентінің «Терроризм мен экстремизм әрекеттерінің алдын алу шаралары туралы» жарлығы (2000 ж.10 ақпан).

Сонымен бірге заман талабына сай және қазіргі кезеңдегі экстремистік және террористік қатерлерге қарсы тиімді және ұтқыр қимылдау үшін кейбір заң актілеріне өзгертулер мен түзетулер енгізілген болатын. Мәселен: ҚР «Ұлттық қауіпсіздік туралы» заңы (1998 ж.26 - маусым), ҚР «Діни сенім бостандықтары мен діни бірлестіктер» туралы заңы (1992 ж. 15 қаңтар) өз күшін жойды. Олардың орнына заман талабына, мемлекетіміз бен қоғамымыздың өскелең қажеттілігіне жауап беретін жаңа заң актілері қабылданды олар 2011 жылдың 11 қазанында қабылданған «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» ҚР заңы және 2012 жылдың 6-шы қаңтарында қабылданған ҚР «Ұлттық қауіпсіздік туралы» заңы.

Ата заңымыз-Конституцияның 5-ші бабы Қазақстан мемлекетінде көрініс табуы мүмкін құбылыстарға қарсы әрекеттерге заңнамалық негіз болып отыр. Конституциямыздың 5-ші бабының 3-ші тармағында былай деп айрықша көрсетілген: «Мақсаты немесе іс-әрекеті Республиканың конституциялық құрылысын күштеп өзгертуге, оның тұтастығын бұзуға, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіруге, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық араздықты қоздыруға бағытталған қоғамдық бірлестіктер құруға және олардың қызметіне, сондай-ақ заңдарда көзделмеген әскерлендірілген құрамалар құруға тыйым салынады». Сондай-ақ Конституциямыздың 20-шы бабы - 3-ші тармағында «Республиканың конституциялық құрылысын күштеп өзгертуді, оның тұтастығын бұзуды, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіруді, соғысты, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық астамшылықты, сондай-ақ қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа бас ұруды насихаттауға немесе үгіттеуге жол берілмейді» деп атап көрсетілген. Елімізден сырт аймақтарда соңғы кезде орын алған оқиғалар осы баптардың еліміздегі халықтың бейбітшілікте өмір сүруі үшін және тұрақты дамуы үшін қаншалықты маңызды екендігін тағы да айқындай түсіп отыр.

Қазақстан Республикасының «Ұлттық қауіпсіздік туралы заңы» Қазақстан Республикасындағы ұлттық қауіпсіздік саласындағы құқықтық қатынастарды реттеуге, адамдар мен азаматтардың, қоғамның, мемлекеттің қауіпсіздігі жүйесінің мазмұны мен қағидаларын айқындайды.

Елімізде 1999 ж.13 – шілдесінде қабылданған ҚР«Терроризм мен күрес туралы» заңында меншік нысанына қарамастан Қазақстан Республикасында экстремизм мен терроризммен күрестің құқықтық және ұйымдастырушылық, сонымен бірге азаматтардың құқықтары мен міндеттерінің кепілдік негіздері бекітілген.

ҚР 1999 жылдың 26-ші шілдесінде қабылданған «Бұқаралық ақпараттар туралы» заңына сәйкес антитеррорлық операция кезіндегі күштік құрылымдардың әдістері мен тактикасы туралы мәліметтерді ашып көрсететін, терроризм мен экстремизмді ақтайтын, насихаттайтын ақпаратты таратуға тиым салынған және ол үшін қылмыстық жауапкершілік қарастырылған. Заңаға сәйкес бұқаралық ақпарат құралының қызметін тоқтатуға келесі жағдайлар негіз бола алады: Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысын күштеп өзгертуге бағытталған, мемлекеттің қауіпсіздігіне зиян келтіретін, экстремизм мен терроризмді насихаттайтын, ұлтаралық және конфессияаралық алауыздықты қоздыратын материалдар баспасөзде жарияланатын болса ол бұқаралық ақпарат құралының қызметі Қазақстан аумағында тоқтатылады. Бұл баптардың да қоғам үшін өзектілігі Украинадағы аймақаралық дағдарыс кезінде жақсы байқалды және бұл саладағы осы заңнаманы онан әрі жетілдіре түсудің керектігін көрсетіп отыр.

Экстремизммен күресте нормативтік-құқықтық негізбен қамтамасыз етуде 2005 жылдың 18 ақпанында қабылданған «Экстремизмге қарсы әрекет туралы» Қазақстан Республикасының заңының рөлі өте зор болды. Бұл заңда да Еліміздің аумақтық тұтастығы мен мен Конституциялық құрылысына қарсы әрекеттердің алдын алуға байланысты заң нормалары бекітілген болатын. 2009 жылдың 28-ші тамызында ҚР««Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылытатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл»

туралы заңы өз күшіне енді. Бұл өкілетті орындардың қаржы ағындарын бақылап террористік әрекеттердің қаржыландырылуының алдын алуға, басқа да мемлекеттік бақылаушы органдардың қызметін жетілдіруге септігі тиді.

Қазақстанда 2011 жылдың 11 қазанында «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» жаңа заңның қабылдануы мемлекетіміздегі конфессияаралық қатынастардағы саясатының жаңа кезеңіне жол ашты, ол тіпті де дін еркіндігі қағидасынан бас тарту емес еді, керісінше дін мен мемлекеттің жалпы қоғамның мүдделерінің арасалмақ баланысын сақтауға бағытталынып жалпы қазақстандықтардың ортақ мүдделерін көздеген заң еді;

Осы аталмыш Заңда келесі қағидалар негізге алынды:

- барлық діндердің теңдігі,
- азаматтардың кез келген дінді ұстануға еркіндігі,
- діннің мемлекеттен бөлінгендігі,
- діни сеніміне байланыссыз барлық азаматтардың заң алдындағы теңдігіне кепілдік берілгендігі.

Елімізде жаңа Заң күшіне енген уақыттан бастап діни қатынастарды тиімді реттейтін жаңа жаңғыртылған құқықтық базаны дамыту қалыптасып келеді.

Мәселен, 2011 жылдың қазан айында «Қазақстан Республикасының діни қызмет пен діни бірлестіктер» туралы кейбір заң актілеріне келесі түзетулер мен толықтырулар енгізілді:

- «Экстремизмге қарсы әрекет туралы»,
- «Коммерциялық емес ұйымдар туралы»,
- «Қазақстан Республикасындағы бала құқықтары туралы»,
- «Жалпыға бірдей әскери міндет пен әскери қызмет туралы»,
- «Лицензиялау туралы»,
- «Мемлекеттік мүлік туралы»,
- ҚР «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодексіне,
- «Халық денсаулығын сақтау жүйесі туралы».

Қазақстан Республикасында ұйымдасқан қылмыс пен экстремистік және террористік әрекеттің алдын алу жөніндегі 2011 жылдың 29-шы қарашында қабылданған заң бірқатар заң актілеріне толықтырулар мен өзгертулер жасалынған болатын.

2012 жылы діни бірлестіктердің қызметін құқықтық жағынан реттейтін бірқатар нормативтік-құқықтық заң актілері қабылданды

Мысалы Үкімет бірқатар діни қатынастарды реттейтін келесі қаулылар шығарылды, олар :

- миссионерлік қызмет туралы;
- дінтанушылық сараптама туралы;
- діни ғимараттарды салу және оны қолданысқа енгізу ережелері туралы;
- шетелдік діни бірлестіктер мен олардың қызметіне қатысты ережелер;
- Қазақстан Республикасындағы діни бірлестіктерінің басшылығына шетелдік азаматтардың танайындалуына қатысты ережелер;
- намаз оқитын бөлмелерге қатысты (намазхана) және т.б.

Елбасы Н.Ә. Назарбаев 2012 жылғы 14-ші желтоқсандағы өзінің «Қазақстан - 2050 Стратегиясы» Жолдауында экстремизм мен терроризмнің алдын алуға бағытталған заңдарды жетілдіру керектігіне баса назар аударған болатын. Елбасы осыған байланысты мемлекеттік мен құқықтық органдарға нақты міндеттер қойған еді: «Мемлекет экстремизм мен радикализмнің түп-төркіні қайдан шыққанына қарамастан оның алдын алуға тиіс. Біз антитеррорлық заңнаманы одан әрі жетілдіруіміз қажет. Біз діни экстремизм мен радикализм көріністерін болдырмау, олардың зиянды іс-әрекеттерін бейтараптандыру мақсатында заңдарымызды әлі де болса кемелдендіре түсуіміз керек» деген болатын. Осыған байланысты Елбасы нұрсұлтан Назарбаевтың Жарлығымен 2013 жылдың 24-ші қыркүйегінде «Қазақстан Республикасында экстремизм мен терроризмнің алдын алудың 2013-2017 жж. арналған Мемлекеттік бағдарламасы» қабылданып ол бүгінгі таңда іске асырылуда.

Өткен 2014 жылдың ішінде экстремизм мен терроризмге қатысты қабылданған бірқатар заңдарға толықтырулар мен өзгерістер жасалды. Бүгінгі таңға дейін Қазақстанда экстремистік және террористік ұйымдар деп анықталған 19 діни ұйымдар мен бірлестіктердің қызметіне арнайы сот шешімімен Қазақстан территориясында әрекет етуге қатаң тиым салынған.

АҚМОЛА ОБЛЫСЫ АРШАЛЫ АУДАНЫ ӘКІМІНІҢ ШЕШІМІ

Аршалы кенті № 40/10 2015 жылғы 27 наурыздағы

Аршалы ауданында тұратын аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің тәртібі мен мөлшерін айқындау туралы

«Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі Заңына, «Әлеуметтік тұрғыдан қорғалатын азаматтарға телекоммуникация қызметтерін көрсеткені үшін абоненттік төлемақы тарифінің көтерілуіне өтемақы төлеудің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 14 сәуірдегі № 512 қаулысына, «Тұрғын үй көмегін көрсету ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2314 қаулысына, «Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 наурыздағы №

Ақмола облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 9 сәуірдегі № 4742 тіркелген.

Аршалы аудандық мәслихатының 2015 жылғы 27 наурыздағы №40/10 шешіміне қосымша

Аршалы ауданында тұратын аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің тәртібі мен мөлшері

1. Тұрғын үй көмегін тағайындау тәртібі

1. Тұрғын үй көмегі жергілікті бюджет қаражаты есебінен Аршалы ауданында тұрақты тұратын аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) беріледі.

2. Тұрғын үй көмегін тағайындау үшін отбасы (азамат) «Тұрғын үй көмегін көрсету ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2314 қаулысымен бекітілген, Тұрғын үй көмегін көрсету Ережесіне сәйкес тұрғын үй көмегін тағайындау мен төлеуді іске асыратын уәкілетті органға жүгінеді, оны Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 5 наурыздағы № 185 «Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы» қаулысымен бекітілген «Тұрғын-үй көмегін тағайындау» мемлекеттік қызмет стандартына сәйкес, Ақмола облысы Аршалы ауданы «Халыққа қызмет көрсету орталығы» мемлекеттік аймақтық кәсіпорынының филиалы немесе www.egov.kz «Электрондық үкімет» веб-порталы арқылы жүзеге асырылады.

3. Тұрғын үй көмегі толық ағымдағы тоқсанға тағайындалады, бұл ретте отбасының (азаматтардың) өткен тоқсандағы табыстары мен коммуналдық қызметтерінің шығындары есепке алынады.

4. Коммуналдық қызметтер көрсету бойынша шығындар, коммуналдық қызметтер төлемақысына жеткізушілер ұсынған шоттар бойынша алынады.

5. Тұрғын үй көмегін тағайындау және төлеу бойынша уәкілетті орган ретінде «Аршалы ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - уәкілетті орган) айқындалды.

6. Уәкілетті орган аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін төлеуді екінші деңгейдегі банктер арқылы өтініш берушілердің дербес шотына аудару жолымен жүзеге асырады.

7. Тұрғын үй көмегін көрсету мөлшері

7. Отбасының (азаматтың) жиынтық табысы уәкілетті органмен қолданыстағы заңнамамен анықталған тәртіпте тұрғын үй көмегін тағайындауға өтініш білдірген тоқсанның алдындағы тоқсан бойынша есептеледі.

8. Шекті жол берілетін шығыстар үлесі кондоминиум объектісі отбасыларға (азаматтарға) ортақ

185 қаулысына сәйкес, Аршалы аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Аршалы ауданында тұратын аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің тәртібі мен мөлшері қосымшаға сәйкес айқындалсын.

2. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихат сессиясының төрайымы **И. СЛОБОДЯНЮК**

Аудандық мәслихаттың Хатшысы **Ю. СЕРИКОВ**

КЕЛІСІЛДІ

Аршалы ауданының әкімі

2015 жылғы 27 наурыз

Ж. НҮРКЕНОВ

мүлкін ұстауға жұмсалады, жекешелендірілген тұрғын үй-жайларда (пәтерлерде) тұратын немесе мемлекеттік тұрғын үй қорындағы тұрғын үй-жайларды (пәтерлерді) жалдаушылар (қосымша жалдаушылар) болып табылатын отбасыларға (азаматтарға), тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға жұмсалатын телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемақының, жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жалға алу ақысының ұлғаюы бөлігінде отбасының (азаматының) бір айда тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға, коммуналдық қызметтер мен байланыс қызметтерін тұтынуға жұмсалған шығыстарының шекті жол берілетін деңгейі отбасының (азаматтың) орташа айлық жиынтық кірісіне 15 пайыз көлемінде белгіленеді.

9. Жекешелендірілген тұрғынжайларда тұратын немесе мемлекеттік тұрғын үй қорындағы тұрғын үй-жайларды (пәтерлерді) жалдаушылар (қосымша жалдаушылар) болып табылатын отбасыларға (азаматтарға) кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға және коммуналдық қызметтерді тұтыну белгіленген көлемнің нормасынан жоғары болса, төлем жалпыға бірдей негізде жүргізіледі. Өтемақы шараларымен қамтамасыз етілетін тұрғын үй көлемнің нормасы бір адамға он сегіз шаршы метр. Жалғыз тұратын азаматтар үшін жәрдемақы шараларымен қамтамасыз етілетін тұрғын үй көлемінің нормасы отыз шаршы метр.

10. Электрқуатты, суық суды, кәрізді, ыстық суды, қоқысты әкету және жылуды тұтыну шығындары алдындағы тоқсандағы нақты шығындары бойынша төленеді.

11. Телекоммуникациялар желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемақы тарифтерінің көтерілуіне өтемақы «Әлеуметтік тұрғыдан қорғалатын азаматтарға телекоммуникация қызметтерін көрсеткені үшін абоненттік төлемақы тарифінің көтерілуіне өтемақы төлеу ережесі негізінде жүргізіледі.



Ақмола облыстық «Қазақстан» РТРК» АҚ филиалының 2015 ж. 20 – 26 сәуірге дейінгі бағдарламасы «Қазақстан-Көкшетау»

20 сәуір. Дүйсенбі
08.00-17.00 техникалық үзіліс
17.00 «Аймақ ақпарат».
17.30 «Кеңдерек». Кеңейтілген
репортаж
17.40 «Ел межесі-2050».
Тележурнал
17.45 Т/с «Маруся. Испытание». 79
серия
18.30 «Өзекті әңгіме». Тікелей
эфир
19.00 «Аймақ ақпарат».
19.30 «Салауат». Передача
19.40 «Кеңдерек». Кеңейтілген
репортаж
19.50 Д/ф «Пейзажи сквозь время»
3 серия
20.15 «Пәрменді пікір». Хабар
20.25 «Ел межесі-2050».
Тележурнал
20.30 Т/х «Парыз» 12 серия
21.20 «Кеңдерек». Кеңейтілген
репортаж
21.30 «Аймақ ақпарат».
22.15 Т/х «Подари мне жизнь» 1,2
бөлім
00.00 «Аймақ ақпарат».
00.45 «Ән керуен».
01.00 Қазақстан Республикасының
Мемлекеттік Әнұраны

21 сәуір. Сейсенбі
08.00 Қазақстан Республикасының
Мемлекеттік Әнұраны
08.05 «Таңғы жаттығу»
08.15 М/ф «Кикентай от сөндіруші
Финли». 39 бөлім
08.30 «Арқа таңы». Танымдық
таңғы бағдарлама
09.00 «Аймақ ақпарат».
09.45 М/ф «Щенячий патруль». 45
серия
10.00 «Арқа таңы». Танымдық
таңғы бағдарлама
10.35 «Өзекті әңгіме». Хабар
11.00 «Кеңдерек». Кеңейтілген
репортаж
11.10 «Салауат». Передача
11.20 «Пәрменді пікір». Хабар
11.30 Д/ф «Пейзажи сквозь время»
3 серия
12.00 «Ел межесі-2050».
Тележурнал
12.05 «Балапаннан базарлық. Әдемі-
ай. 2 сезон. 39 бөлім»
12.30 Т/х «Парыз» 12 серия
13.20 «Алақай, балақай». 13 бөлім
13.30 «Аймақ ақпарат».
14.00-17.00 техникалық үзіліс
17.00 «Аймақ ақпарат».
17.30 «Кеңдерек» Арнайы
репортаж
17.40 «Ел межесі-2050».
Тележурнал
17.45 Т/с «Маруся. Испытание». 80
серия
18.30 «Актуальная тема». Прямой
эфир
19.00 «Аймақ ақпарат».
19.30 «Ел межесі-2050».
Тележурнал
19.40 «Кеңдерек». Кеңейтілген
репортаж
19.50 Д/ф «Пейзажи сквозь время»
4 серия
20.15 «Наша служба». Передача
20.25 «Ел межесі-2050».
Тележурнал
20.30 Т/х «Парыз» 13 серия
21.20 «Кеңдерек». Кеңейтілген
репортаж
21.30 «Аймақ ақпарат».
22.15 Т/х «Подари мне жизнь» 3,4
бөлім
00.00 «Аймақ ақпарат».
00.45 «Ән керуен».
01.00 Қазақстан Республикасының
Мемлекеттік Әнұраны

22 сәуір. Сәрсенбі
08.00 Қазақстан Республикасының
Мемлекеттік Әнұраны
08.05 «Таңғы жаттығу»
08.15 М/ф «Ермагамбет»
08.30 «Наше утро». Утренняя
познавательная программа
09.00 «Аймақ ақпарат».
09.45 М/ф «Щенячий патруль». 46
серия
10.00 «Наше утро». Утренняя
познавательная программа
10.35 «Актуальная тема».
Передача
11.00 «Кеңдерек». Кеңейтілген
репортаж
11.10 «Наша служба». Передача
11.20 «Ел межесі-2050».
Тележурнал

11.30 Д/ф «Пейзажи сквозь время»
4 серия
12.00 «Ел межесі-2050». Тележурнал
12.05 «Балапаннан базарлық. Әдемі-
ай. 2 сезон. 40 бөлім»
12.30 Т/х «Парыз» 13 серия
13.20 «Алақай, балақай». 14 бөлім
13.30 «Аймақ ақпарат». Ақпараттық
топтама
14.00-17.00 техникалық үзіліс
17.00 «Аймақ ақпарат».
17.30 «Кеңдерек». Кеңейтілген
репортаж
17.40 «Ел межесі-2050». Тележурнал
17.45 Т/с «Маруся. Испытание». 81
серия
18.30 «Имею право». Прямой эфир
19.00 «Аймақ ақпарат».
19.30 «Business Idea». Передача
19.40 «Кеңдерек». Кеңейтілген
репортаж
19.50 Д/ф «Пейзажи сквозь время»
5 серия
20.15 «Экспертное мнение».
Передача
20.25 «Ел межесі-2050». Тележурнал
20.30 Т/х «Парыз» 14 серия
21.20 «Кеңдерек». Кеңейтілген
репортаж
21.30 «Аймақ ақпарат».
22.15 Т/с «Подари мне жизнь» 5,6
серия
00.00 «Аймақ ақпарат».
00.45 «Ән керуен».
01.00 Қазақстан Республикасының
Мемлекеттік Әнұраны

23 сәуір. Бейсенбі
08.00 Қазақстан Республикасының
Мемлекеттік Әнұраны
08.05 «Таңғы жаттығу»
08.15 М/ф «Даналық кеңес»
08.30 «Арқа таңы». Танымдық таңғы
бағдарлама
09.00 «Аймақ ақпарат».
09.45 М/ф «Щенячий патруль». 47
серия
10.00 «Арқа таңы». Танымдық таңғы
бағдарлама
10.35 «Имею право». Передача
11.00 «Кеңдерек». Кеңейтілген
репортаж
11.10 «Business Idea». Передача
11.25 «Экспертное мнение».
Передача
11.35 Д/ф «Пейзажи сквозь время»
5 серия
12.00 «Ел межесі-2050».
Тележурнал
12.05 «Балапаннан базарлық. Әдемі-
ай. 2 сезон. 41 бөлім»
12.30 Т/х «Парыз» 14 серия
13.20 «Алақай, балақай». 15 бөлім
13.30 «Аймақ ақпарат».
14.00-17.00 техникалық үзіліс
17.00 «Аймақ».
17.30 «Кеңдерек». Кеңейтілген
репортаж
17.40 «Ел межесі-2050». Тележурнал
17.45 Т/с «Маруся. Испытание». 82
серия
18.30 «Өзекті әңгіме». Тікелей эфир
19.00 «Аймақ ақпарат».
19.30 «Ұлы Жеңіске 70 жыл!».
Передача
19.40 «Кеңдерек». Кеңейтілген
репортаж
19.50 Д/ф «Пейзажи сквозь время»
6 серия
20.15 «Ақмола KZ». Хабар
20.25 «Ел межесі-2050». Тележурнал
20.30 Т/х «Парыз» 15 серия
21.20 «Кеңдерек». Кеңейтілген
репортаж
21.30 «Аймақ ақпарат».
22.15 Т/с «Подари мне жизнь». 7,8
серия
00.00 «Аймақ ақпарат».
00.45 «Ән керуен».
01.00 Қазақстан Республикасының
Мемлекеттік Әнұраны

24 сәуір. Жұма
08.00 Қазақстан Республикасының
Мемлекеттік Әнұраны
08.05 «Таңғы жаттығу»
08.15 М/ф «Бұдыл мерген»
08.30 «Наше утро». Утренняя
познавательная программа
09.00 «Аймақ ақпарат».
09.45 М/ф «Щенячий патруль». 48
серия
10.00 «Наше утро». Утренняя
познавательная программа
10.35 «Өзекті әңгіме». Хабар
11.00 «Кеңдерек». Кеңейтілген
репортаж
11.10 «Ұлы Жеңіске 70 жыл!».
Передача
11.20 «Ел межесі-2050».
Тележурнал
11.30 Д/ф «Пейзажи сквозь время»

ЖҰМЫСҚА ШАҚЫРАМЫЗ

Ақмола облысы ІІД Аршалы ауданының ІІБ Ішкі істер Органдарына келесі қызметтерге үміткерлерді жинайды:
1.Тылмен қамтамасыз ету тобының полицей жүргізушісі. Үміткерлерге қойылатын талап: жасы 25 жасқа дейін, орта немесе арнайы-орта білімінің бар болуы, міндетті түрде ҚҚ әскери қызметі, жүргізуші куәлігі.
2.Қарулану қоймасының

менгерушісі, Аршалы АПБ тылмен қамтамасыз ету тобының қару шебері. Үміткерлерге қойылатын талап: жасы 25 жасқа дейін, орта немесе арнайы-орта білімінің бар болуы, міндетті түрде ҚҚ әскери қызметі.
3 Аршалы АПБ әкімшілік мемлекеттік қызмет: Кеңсенің жетекші маманы; Көші-қон полициясы тобының жетекші маманы; **Қойылатын талаптар:** жоғары

6 серия
12.00 «Ел межесі-2050».
Тележурнал
12.05 «Балапаннан базарлық. Әдемі-
ай. 2 сезон. 42 бөлім»
12.30 Т/х «Парыз» 15 серия
13.20 «Алақай, балақай». 16 бөлім
13.30 «Аймақ ақпарат».
14.00-17.00 техникалық үзіліс
17.00 «Аймақ ақпарат».
17.30 «Кеңдерек». Кеңейтілген
репортаж
17.40 «Ел межесі-2050».
Тележурнал
17.45 Т/с «Маруся. Испытание». 83
серия
18.30 «Актуальная тема». Прямой
эфир
19.00 «Аймақ ақпарат».
19.30 «Спорт Life». Хабар
19.40 «Кеңдерек». Кеңейтілген
репортаж
19.50 Д/ф «Пейзажи сквозь время»
7 серия
20.15 «Елі бірдің – тілі бір». Хабар
20.25 «Ел межесі-2050».
Тележурнал
20.30 Т/х «Парыз» 16 серия
21.20 «Кеңдерек». Кеңейтілген
репортаж
21.30 «Аймақ ақпарат».
22.15 Т/с «Темные лабиринты
прошлого». 1,2 серия
00.00 «Аймақ ақпарат».
00.45 «Ән керуен».
01.00 Қазақстан Республикасының
Мемлекеттік Әнұраны

25 сәуір. Сенбі
09.00 Қазақстан Республикасының
Мемлекеттік Әнұраны
09.05 «Аймақ ақпарат».
09.45 М/ф «Финес пен Ферб» 65,66
серия
10.30 «Жүзден жүйрік». Хабар. 8
бөлім
10.50 «Ақмола KZ». Хабар
11.00 «Спорт Life». Хабар
11.10 Т/с «Титаник: кровь и сталь»
6 серия
12.00 «Балапаннан базарлық» /
Білгіштер бекеті 2 сезон
13 бөлім/
12.20 «Салауат». Хабар
12.30 «Аймақ ақпарат».
13.20 Д/с «Абай» 1 бөлім
14.00-16.00 техникалық үзіліс
16.00 М/ф «Финес пен Ферб» 67,68
серия
17.00 «Айгөлек» концерт.
18.20 «Пәрменді пікір». Хабар
18.30 Д/с «Абай» 1 бөлім
19.10 «Qalamtor». Хабар
19.20 М/ф «Ғажап құс»
19.30 «Танымал». Передача
20.00 «Өңір өрнегі» - «Картина
недели».
21.00 «Сөзге шешен». Хабар
21.20 «Ақ дастархан». Передача
21.45 «Наша служба». Передача
21.55 «Елі бірдің – тілі бір». Хабар
22.10 Т/с «Темные лабиринты
прошлого». 3,4 серия
00.00 Т/с «Титаник: кровь и сталь»
6 серия
01.00 Қазақстан Республикасының
Мемлекеттік Әнұраны

26 сәуір. Жексенбі
09.00 Қазақстан Республикасының
Мемлекеттік Әнұраны
09.05 Д/ф «Пейзажи сквозь время»
11,12 серия
10.00 М/ф «Финес пен Ферб»
69,70 серия
10.40 «Qalamtor». Хабар
10.50 «Ұлы Жеңіске 70 жыл!».
Передача
11.00 «Сайлау -2015».
11.10 Т/с «Титаник: кровь и сталь»
7 серия
12.00 «Балапаннан базарлық» /
Білгіштер бекеті 2 сезон
14 бөлім/
12.30 «Өңір өрнегі» - «Картина
недели».
13.30 «Сайлау -2015».
14.00-16.00 техникалық үзіліс
16.00 «Сайлау -2015».
16.20 М/ф «Финес пен Ферб»
71,72 серия
17.05 «Шәмші Қалдаяқов
әндерінің кеші»
18.20 «Экспертное мнение».
Передача
18.30 Д/с «Абай» 2 бөлім
19.00 «Сайлау -2015».
19.20 «Сөзге шешен». Хабар
19.40 «Ақ дастархан».
Передача
20.00 «Өңір өрнегі» - «Картина
недели».
21.05 Д/ф «Ұлы Жеңісті
жақындатқандар»
21.25 «Танымал». Передача
21.50 «Ұлы Жеңіске 70 жыл!».
Передача
22.00 «Сайлау -2015».
22.30 Х/ф «Я рядом». 1,2 серия
00.00 Т/с «Титаник: кровь и сталь»
7 серия
01.00 Қазақстан Республикасының
Мемлекеттік Әнұраны

Музыка әлемі

Өнерліге өріс ашқан-мектеп



Халық даналығы: "Өнер-таусылмас азық, жұтамас байлық, құдіретті күш, ол адамның жан серігі, ертеңгі рухани байлығы". Бабадан қалған мұраларымызды жаңғыртып, төрткүл дүниеге танытатын-көзі ашық, көкірегі ояу, сауатты өнерпаз. Талант қырларын ұшпай, дүниенің тылсым сыры мен ғажайып сиқырлы күйін ұғындыратын ол әрине мектеп пен ұстаз. Қасиетті Аршалы мекені ежелден құт-береке дарыған өнерлі өлке. Музыка мектебі- өнер айдынының басты бұлағы. Өнер-білім ордасы жас ұрпақты музыкаға бауытпен қатар, оларға рухани-мәдени тәлім-тәрбие беріп, болашақ таланттардың кәсіби жазғынан шыңдайды. Осы тұрғыдан алғанда, ауданымыздағы музыка мектебінің атқарып отырған еңбегі орасан зор. Өскекең ұрпаққа берер тәлімі мен тағылымы мол. Осы орайда ауданымыздағы жасымды жаңалықтармен ерекшеленіп отырған музыка мектебі директорының міндетін атқарушы Ержан Қорғанбекпен сұхбаттасудың сәті түскен болатын.

- Қорғанбек Бейсембайұлы мектепке келген қадамыңыз құтты болсын! Музыка мектебі жайында айтып өтсеңіз? Алдағы уақытта жоспарыңыз қандай?- Рахмет. Жас музыканттар тәрбиелеу жолында музыка мектебінің атқарар орны бөлек. Қазіргі уақытта біздің мектептің екі филиалы бар. Музыка мектебінде барлығы 80-дей бала дәріс алууда. Сонымен қатар домбыра, фортепиано, баян, гитара кластары бойынша дәріс беріледі. Келер оқу жылында кобыз класын ашу ойда бар. Мен өзім осы ұжымға 2014 жыл желтоқсан айынан бастап келдім. Мектептің негізін қалаушы Н.В.Зеленый 1968 жылы осы мектептің ірге тасын қалады. Сол жылдардан бері қаншама шәкірттер тәрбиеленді. Мектептің алғашқы шәкірттері оқуларын бітіріп, өздері тәлім алған музыка мектебінде қызмет етуде. Ұлттық өнерге баулып, туралы аспаптарда ойнауды үйреткен, рухани байытып, таланттар тәрбиелеген, музыка мектебінен талай өнерлі шәкірттер қанаттанып шығып, өнерлерімен көпшілікті тәнті етіп, ел ықыласына бөленіп жүр. Біздің мектебімізде таланттар өте көп. Бірі әр түрлі музыка аспаптарының құлағында ойнаса, бірі шырката ән салады. Оқушылардың білім алуы мен кәсіби шеберлігін ұштастыру мақсатында, олардың орындаушылық және сахна шеберліктерін арттыру үшін шығармашылық ұжымдар жасақталған. Осы уақыт аралығында өзіндік дәстүрі, шығармашылық ұжымы қалыптасқан музыка мектебінің жыл сайын жаңалықтың жаршысында болып, білім сапасы мен деңгейін көтерудегі, таланттарды шыңдаудағы жетістіктері ауданымыздағы үлгілі мектептердің қатарында. Алдағы уақытта аудан көлемінде өнердің дамуына үлес қосу. Ашылғаннан бері аудан мәдениеті мен өнерін дамыту ісіне қомақты үлес қосып, бүгінгі таңда шаңырағы биіктеп, керегесі кеңейген, жас ұрпаққа музыкалық, рухани-мәдени тәрбие беру арқылы олардың сана-сезіміне отансүйгіштік қасиет қалыптастырып келе жатқан музыка мектебі ауданымыздағы білім ордаларының арасында алар орны ерекше.

-Музыка мектебінің жетістері жайлы айтып өтсеңіз?

■Назарыңызға

Өз бизнесіңді egov.kz арқылы қалай тіркеуге болады?

Бәрімізге мәлім, қандай болмасын өз компанияңды ашу үшін бизнесіңді тіркеу қажет. Бұрын ЖШС, АҚ және басқа да ұйымдардың тіркеу жұмыстарын жүргізуге бес күннен отыз күнге дейін уақытты алған. Одан басқа толып жатқан құжаттарды мемлекеттік органдарға апарып, жауап құту. 2013 жылдың басынан заңды тұлғалардың мемлекеттік тіркелуі онлайн түрінде жасалынып жатыр. Қағаздың әлдегі жоқ, бір күндік жұмыс уақытында мәселе шешімін табады. Онлайн – форматтағы қызметті 5 мыңдай заңды тұлға пайдалануда. Бұл қызметті алу үшін ЭЦҚ болуы және порталда тіркелу керек. Осы жерде барлығы дұрыс болғанда egov.kz «Бизнес – «Бизнес тіркеу және дамыту» - «заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелуі (қайта тіркелу), есептік тіркелу (қайта тіркелу) бөліміне оның филиалдары мен өкілеттілігіне. Уақытты үнемдеу үшін қызметтің қандай түрлерін үйде ғаламтор арқылы алуға болатыны туралы көмек беруге қашан да дайынбыз.

Аршалы ауданының ХҚКО инспекторы Н. ЖҰМАБАЕВА

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

Қоғамдықпен байланысты күшейту мақсатында азаматтардың конституциялық құқықтарын бұзушылық және барлық заңсыз әрекеттері туралы Аршалы АПБ 8(71644)7-90-65, сот. 87757689055, ІІД ӨҚБ 8(7162)25-03-60 бойынша сенім телефонына хабарлауларыңызды сұраймыз.

Аршалы АПБ ҚЖТ

САЛЫҚ ТӨЛЕУШІЛЕР НАЗАРЫНА!

Аршалы ауданы бойынша Салық басқармасында қызмет этикасын сақтау және жемқорлықпен күрес сұрағы бойынша комиссия жұмыс істейді. Салық органының мемлекеттік қызметшілері қызмет этикасын және /немесе/ заңнаманы бұзушылық деректерін хабарлау үшін, Сіз осы «сенім телефонына» хабарласа аласыз: 8(71644)2-20-32, 8(71644)2-12-87.

Меншік иесі: «Аршалы – инфо» ЖШС Газет аудан әкімінің қолдауымен шығады	РЕДАКТОР М.А. АЖЫҚАНОВА.	Біздің мекенжайымыз және телефонымыз: 020200, Аршалы кенті, аудандық әкімдік, 1 қабат. Байланыс телефоны: жарнама бөлімі – 2-13-57. Хабарландыру және жарнама мазмұнына жарнамашы жауап береді. Жарияланған мақалалардағы автор көзқарасы редакцияның ой-ұстанымын, пікірін білдірмейді.	Апталық таралымы 271 дана. Көлемі 2 баспа табак. Тапсырыс №1 Индекс: 65815. Газет теріліп Астана қаласы, Брусиловский көшесі, 87, «Астана Полиграфия» АҚ басылады.
--	-----------------------------	--	--

Газетті есепке қою туралы мемлекеттік №7841-Г куәлікті 2006 жылы 16 қарашада Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат Министрлігі берген.